

**«ҚАЗПОШТА» АҚ  
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ  
2020 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ  
ЕСЕП**

**«Қазпошта» АҚ**  
**Директорлар кеңесінің**  
**аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің**  
**2020 жылғы қызметі туралы**  
**ЕСЕП**

**1. Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің қызметін ұйымдастыру**

«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) 2020 жылғы қызметі туралы осы есеп «Қазпошта» АҚ Корпоративтік басқару кодексiне, «Қазпошта» АҚ Жарғысына, Комитет туралы ережеге сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқарудың ұсынымдары мен үздік тәжірибесін ескере отырып әзірленген.

Комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 қазандағы шешімімен (№10/19 хаттама) бекітілген «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет қызметінің мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру болып табылады:

1) Қоғамның қаржылық қызметін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы, дұрыстығы және сапасын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу;

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету;

3) сыртқы және ішкі аудит үдерісінің тәуелсіздігі мен тиімділігін бақылау;

4) Қоғамда корпоративтік басқаруды жетілдіру;

5) орнықты даму саласындағы тәуекелдерді, қаржылық емес ақпарат пен есептіліктің сапасын бақылауды жүзеге асыру;

6) Комитеттің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Комитетте қарауға ұсынған өзге де мәселелер.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет Қоғамның қаржылық есептілігі үдерісінің, ішкі бақылаудың және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және есепке алу жөніндегі рәсімдердің тиімділігін талдауға жауапты болып табылады. Комитет сонымен қатар, Қоғамның қаржылық ақпараты мен шоғырландырылған қаржылық есептілігінің сапасын бақылауды жүзеге асырады, аудит мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі мен Қоғамның комплаенс бақылау жөніндегі қызметі жұмысының рөлі мен тиімділігін бақылайды.

Қоғамның Жарғысына сәйкес, Комитеттің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

2020 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттің құрамын екі рет өзгертті.

Комитеттің 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 2 наурызға дейінгі құрамы:

<b>Аудит жөніндегі комитеттің құрамы</b>			
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Комитет мүшесі</b>
1	Жуков Дмитрий Николаевич	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры);	2018 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 5 қазанға дейін

2	Марк Хьюз	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры);	2018 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 2 наурызға дейін
3	Кирюхин Олег Михайлович	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры);	2018 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 5 қазанға дейін

2020 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 55-бабы 4-тармағында көзделген тәртіппен Тәуелсіз директор Марк Дэвид Хьюздің өкілеттігі оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Осыған байланысты 2020 жылғы 5 наурызда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№02/20 хаттама) Комитеттің жаңа құрамы сайланды:

<b>Аудит жөніндегі комитеттің құрамы (05.10.2020 жылғы жай-күйі бойынша)</b>			
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Комитет мүшесі</b>
1	Жуков Дмитрий Николаевич	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры);	2018 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 5 қазанға дейін
2	Жандосов Ораз Алиевич	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры);	2020 жылғы 5 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Кирюхин Олег Михайлович	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры);	2018 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 5 қазанға дейін

2020 жылғы 5 қазанда Жалғыз акционер:

1) Тәуелсіз директорлар Дмитрий Николаевич Жуков пен Олег Михайлович Кирюхиннің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

2) Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері сайланды – Тәуелсіз директорлар Эшонкулов Бахтиер Назаралиевич және Луис Медейрос (Luis Medeiros).

Осыған байланысты 2020 жылғы 28 қазанда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№11/20 хаттама) Комитеттің сандық құрамы - 3 адам, сондай-ақ Комитеттің жаңа құрамы белгіленді:

<b>Аудит жөніндегі комитеттің құрамы (31.12.2020 жылғы жай-күйі бойынша)</b>			
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Комитет мүшесі</b>

1	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры»;	2020 жылғы 28 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін
2	Жандосов Ораз Алиевич	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры»;	2020 жылғы 5 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Луис Медейрос	«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры»;	2020 жылғы 28 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін

### **Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2020 жылғы қызметі**

2019 жылғы 11 желтоқсанда Комитет 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

2020 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 8 күндізгі отырыс өткізді. Комитет 60 мәселені қарады және Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді. Есепті кезеңде Комитет отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды.

2020 жылы COVID-19 пандемиясына, Қазақстан Республикасында төтенше жағдай, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және басқа да өңірлерде карантиндік режимнің енгізілуіне байланысты, Қоғам қызметін үздіксіз қамтамасыз ету және Қоғам қызметінің үздіксіздік жоспары шараларын іске асыру, сондай-ақ ілеспе тәуекелдерді басқару мақсатында Комитет жыл бойы әрбір күндізгі отырыста **«Коронавирустық инфекцияның (Covid19) «Қазпошта» АҚ қызметіне әсерін азайту бойынша шаралар туралы»** мәселені қарады.

***Қаржылық есептілік мәселелері бойынша Комитет талқылап, қарап, сондай-ақ мына мәселелер бойынша ұсынымдар берді:***

1. «Қазпошта» АҚ-ның 2019 жылғы алдын ала жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін қарау туралы (сыртқы аудиторлармен кездесу);
2. «Қазпошта» АҚ-ның 2019 жылғы Жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
3. 2020 жылдың 6 айы бойынша қаржылық есептілікке шолуды қарау туралы (сыртқы аудиторлармен кездесу);
4. «Қазпошта» АҚ-ның 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық есептілік үдерісін бағалау жөніндегі есебін қарау туралы.

***Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің мәселелері талқыланды және қаралды, сондай-ақ келесі мәселелер бойынша ұсынымдар берілді:***

1. Тәуекелдер туралы «Қазпошта» АҚ есебінің нысанын қарау туралы;
2. «Қазпошта» АҚ-ның құпия ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарын талдау нәтижелері туралы;
3. «Қазпошта» АҚ ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы ақпаратты және оны жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды қарау туралы;

4. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша, 2020 жылғы 1 сәуірдегі жай-күйі бойынша, 2020 жылғы 1 шілдедегі жай-күйі бойынша және 2020 жылғы 01 қазандағы жай-күйі бойынша «Қазпошта» АҚ тәуекелдері туралы есептерді қарау туралы;

5. «Қазпошта» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесінің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту туралы;

6. 2021 жылға арналған тәуекелдер санаттары бойынша декомпозициясымен, «Қазпошта» АҚ тәуекел-тәбеті туралы сапалы өтініштерімен ақшалай көріністегі тәуекел-тәбетті бекіту туралы.

2020 жылғы 17 маусымда Комитет мүшелерінің қатысуымен қосымша ақпараттық сессия өткізілді, онда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі аудитінің нәтижелері бойынша қабылданған шаралар туралы мәселе қаралды және талқыланды.

### ***Сыртқы аудит мәселері бойынша***

2020 жылы Комитет аудиторлық жоспарлау, жылдық қаржылық есептілікті дайындау және оның нәтижелері бойынша сыртқы аудиторлармен төрт кездесу өткізіп, келесі мәселелерді қарады:

1. Алдын ала аудиторлық қорытындыны қарау туралы;

2. «Қазпошта» АҚ-ның 2019 жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;

3. 2020 жылғы 6 айдағы қаржылық есептіліктің шолуын қарау туралы;

4. Аудиторлық жоспарлау туралы;

5. 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша, 2020 жылғы үш, алты және тоғыз айдың қорытындылары бойынша «КПМГ Аудит» ЖШС ұсынымдары бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есептерді қарау туралы.

2020 жылы Комитет «Қазпошта» АҚ – ның 2020-2022 жылдарға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі «Қазпошта» АҚ комиссиясының (бұдан әрі - Аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі комиссия) құрамына өзгерістерді бекіту туралы» мәселені екі рет қарады.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшелері аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі комиссияның құрамына кірді.

Қосымша аудиторлық жоспарлау мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен кездесу өткізілді. Сондай-ақ Комитет жылына кемінде бір рет атқарушы басшылықтың қатысуынсыз сыртқы аудиторлармен кездесу өткізеді.

### ***Ішкі аудит мәселелері бойынша Комитет келесі мәселелерді жан-жақты қарады:***

1. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысын тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша есепті қарау туралы;

2. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есепті қарау туралы (2019 жылдың 4-тоқсанының және тұтастай 2019 жылдың қорытындылары бойынша, 2020 жылдың 1-тоқсанының қорытындылары бойынша, 2020 жылдың 2-тоқсанының қорытындылары бойынша, 2020 жылдың 3-тоқсанының қорытындылары бойынша аудиторлық есептерді қоса алғанда, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау туралы);

3. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалу мониторингі туралы (2019 жылғы 1 қаңтардағы және 2020 жылғы 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі, 1 қазандағы жағдай бойынша);

4. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметінің ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкестігін сыртқы бағалау жөніндегі кеңес беру қызметті мақұлдау туралы;

5. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысын тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша есепті қарау туралы;

6. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметінің кадр мәселелері туралы;
7. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы;
8. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және «Қазпошта» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі саясатқа толықтырулар енгізу туралы;
9. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту туралы;
10. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметі мен оның басшысы қызметінің 2021 жылға арналған негізгі көрсеткіштері картасын бекіту туралы.

2020 жылдың басынан бастап Комитет **комплаенс-бақылау мәселелерін қарауға ерекше назар аударды, осылайша мынадай мәселелер қаралды:**

1. «Қазпошта» АҚ комплаенс-бақылау қызметінің есебін қарау туралы (2019 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша, 2020 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша, 2020 жылғы 2-тоқсанның қорытындысы бойынша, 2020 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша есепті қоса алғанда);
2. Іс-шаралар мерзімдерін қысқартуды ескере отырып, «Қазпошта» АҚ комплаенс-бақылау қызметінің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарының жаңа редакциясын бекіту туралы;
3. «Қазпошта» АҚ комплаенс-бақылау қызметінің 2021 жылға арналған жылдық жоспарын бекіту туралы;
4. «Қазпошта» АҚ комплаенс-бақылау қызметі жұмыскерлерінің қызметінің 2021 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы.

**Комитеттің корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша мынадай мәселелер қаралды:**

1. «Қазпошта» АҚ-ның 2019 жылғы жылдық есебін бекіту туралы, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ-ның тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі жөніндегі ақпаратты қарау туралы;
  2. «Қазпошта» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2019-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 2019 жыл, 2020 жылғы 1, 2 және 3-тоқсандарда орындалуы жөніндегі есепті қарау туралы;
  3. 2020 жылдың алты айының қорытындысы бойынша «Қазпошта» АҚ-ның орнықты дамуы туралы есепті қарау туралы.
- Сондай-ақ, Комитет 2020 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне мынадай **ішкі нормативтік құжаттарды** қарап, ұсынғанын атап өткен жөн:
1. «Қазпошта» АҚ-дағы өкілдік шығыстар туралы ереже;
  2. «Қазпошта» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және «Қазпошта» АҚ Ішкі аудитті ұйымдастыру саясатына толықтырулар;
  3. «Қазпошта» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының жаңа редакциясы

**Қосымша, 2020 жылы Комитет мүшелерінің бастамасы бойынша** келесі мәселелер қаралды:

1. «Қазпошта» АҚ-ның құпия ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарын талдау нәтижелері туралы;
2. «Қазпошта» АҚ-ның 2016-2020 жылдардағы серпіндегі шығыстарын талдауды қарау туралы;
3. Colvir АЖ жұмысының кейбір мәселелері туралы;
4. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің есебін қарау туралы;

5. «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Сондай-ақ, 2020 жылғы 24 маусымда Комитет мүшелерінің қатысуымен Қоғамның АТ жүйелерін қарау және АТ аудиті бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу есебі жөнінде ақпараттық сессия өткізілді.

#### **Комитеттің 2020 жылғы отырыстары:**

<b>Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы</b>				
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Бір жылғы отырыстардың барлығы (саны)</b>	<b>Жыл ішіндегі отырыстарға қатысу (саны)</b>	<b>Отырыстарға қатысу (%)</b>
1	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	2	2	100
2	Жандосов О.А.	2	2	100
3	Луис Медейрос	2	2	100
4	Жуков Дмитрий Николаевич	6	6	100
5	Марк Хьюз	1	1	100
6	Кирюхин Олег Михайлович	6	6	100

Комитет төрағалары Бахтиёр Эшонқұлов пен Дмитрий Жуков тұрақты негізде сыртқы аудиторлармен, Қоғам Басқармасының мүшелерімен, корпоративтік хатшымен, Ішкі аудит қызметінің және Қоғамның комплаенс-бақылау қызметінің басшыларымен, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен онлайн кездесулер өткізді.

#### **2. Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің пре-митингілерін өткізу**

Корпоративтік басқарудың ең үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес, Комитет отырысын өткізер алдында Комитет мүшелерінің менеджментсіз алдын ала кездесулері (пре-митингілері) өткізілгені оң жағдай болып табылады. Нәтижесінде, Комитетке ұсынылған барлық мәселелерді аудиторлық үдерісті мұқият қадағалау және қаралатын мәселелердің күшті және әлсіз жақтарын анықтау мақсатында Ішкі аудит қызметінің және Қоғамның комплаенс-бақылау қызметінің төрағасы, мүшелері, басшылары алдын ала талқылады.

#### **3. Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің қызметін бағалау**

Комитеттің 2019 жылғы қызметін бағалау Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау шеңберінде жүргізілді. 2019 жылғы өзін-өзі бағалаудың нәтижелері Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 19 мамырдағы отырысында қаралды. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша қызметті жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданды.

Комитеттің 2020 жылғы қызметін бағалау 2021 жылы Корпоративтік басқару диагностикасы шеңберінде жүргізілетін болады.

#### **4. Қорытынды**

Комитет 2020 жылы Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес мақсаттарын, міндеттері мен функционалдық

міндеттерін толық көлемде орындады. Комитет бақылау ортасында іргелі рөл атқарады және Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге нақты үлес қосады.

Комитет отырыстарының күн тәртібінің барлық мәселелерін жан-жақты қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақты және жан-жақты ұсынымдар берді.

Комитеттің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның корпоративтік басқару жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты Жалғыз акционердің үмітіне жауап беретінін атап өткен жөн.